

**Астана қаласы әкімдігінің «№ 31 мектеп-гимназиясы» ШЖҚ МКК  
Қамқоршылық кеңес отырысының  
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

**05.09.2024 ж.**

**Қатысуға тиіс: 15**

**Қатысқандар: 9**

**ҚК төрағасы:** Несина Наталья Владимировна

- **ҚК мүшелері:** Шокаева Айнаш Мукашевна  
Боранова Актоты Сермахановна  
Хасанов Ренат Уралович  
Айсин Алдияр Ерланұлы  
Ларионова Оксана Геннадьевна  
Сәуекенова Лаура Мұратбекқызы  
Петри Резида Каримовна  
Архипова Вера Павловна  
Хасанова Мария Викторовна  
Наумова Ольга Геннадьевна  
Адилова Диляра Камильевна  
Мухамеджанов Нурлан Мырзабекович  
Мержуева Залина Баудиновна  
Камалиева Эльвира Каусаровна

**ҚК хатшысы:** Гафурова Альмира Маратовна

**Директордың ТІЖО:** Жунусбекова Гульдана Хайдаровна

**Күн тәртібінде:**

1. Қамқоршылық кеңесінің 2024-2025 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.
2. Қамқоршылық кеңесінің тізімін жаңарту, құрамын сайлау, бекіту.
3. Білім алушылардың тамақтануын қадағалайтын брокеражды комиссия құрамын тағайындау және бекіту міндеттерімен таныстыру.
4. Мектеп формасы, мектептің ішкі ережесімен таныстыру.

**Тыңдалды:**

Алғы сөзді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жунусбекова Гульдана Хайдаровна алды. Ол өз сөзінде 2024-2025 оқу жылындағы Қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Қамқоршылық кеңес мүшелері қарсылық білдірген жоқ. Жоспар бойынша сұрақтар туындамады.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Несина Наталья Владимировна сөз сөйледі. Ол 2024-2025 оқу жылындағы

Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен таныстырып өтті. Жұмыс жоспары қарастырылып, талқыланды. Бірауыздан бекітуге ұсынылды.

Үшінші сұрақ бойынша білім алушылардың тамақтануын қадағалайтын брокеражды комиссия құрамын тағайындау және бекіту міндеттерімен таныстыру туралы әлеуметтік педагог А.М.Гафурова сөз сөйледі. Ол мектепте 2024-2025 оқу жылына арналған брокераждық комиссияның құрамы туралы сонымен қатар тамақтандыруды ұйымдастыру туралы бұйрықтың бекітілгенін айтты және брокераж комиссиясының жұмысы туралы жалпы ережелермен таныстырды.

Төртінші сұрақ бойынша қамқоршылық кеңес мүшелері мектептің ішкі ережесімен таныс болды. Ондағы қойылған талаптардың дұрыс екендігі және білім алушыларға ұсынылып отырған мектеп формасы жайында сөз қозғады. Нәтижесінде барлық оқушылар мектеп формасына қойылатын талаптарды қатаң сақтауы керек деген ұсыныс білдірді.

**Күн тәртібінде қойылған мәселені талқылай келе, қамқоршылық кеңес төмендегідей шешім қабылдады**

**Шешім:**

1. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңес құрамы бекітілсін.
2. 2024-2025 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңесінің жоспары бекітілсін.
3. Білім алушылардың тамақтануын қадағалайтын брокеражды комиссия құрамы тағайындалсын.
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қайылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығындағы талаптарды оқушылардың орындауы қадағалансын.

Қамқоршылық кеңестің төрағасы:



Н.В.Несина

Қамқоршылық кеңестің хатшысы:



Гафурова А.М.